нүктелердің орнына қойып және де сөздер мен терминдерге қималар дайындай отырып одан сөлемдер мен мәтіндер құрастырып шығуға оқушыны ойната отырып үйретілді. Сабақ барысында терминдер оқылуына аудио жазбалар және мәтіндердің оқылуына аудио жазбаларды әр сабақта тыңдата отырып ағылшын тілінде терминдерді дұрыс оқытылуына мән беріле отырып үйретілді.

Сабақ барысында жұмбақтар мен мақалдарға негізделген тапсырмалар да құрастырылып оқытылды. Биология нақты ғылым болғандықтан оны бейне жазбалар арқылы, эксперименттік ғылым болғандықтан практикалық сабақтарда модельдер құрастыра отырып оқытылды. Оқушыларды пәнге қызығушылығын оятуда әр сабақта 3-5 минуттық видео көрсетілімдер ағылшын тілінде олар қызыға отырып көреді және тыңдайды сабақты жақсы түсінеді. Оқыту барысында аудио жазбалар мен видео көрсетілімдер ағылшын тілінде оқушыға жеткізудің ең жақсы құралы екеніне көзім жетті. Сондықтанда әр сабағымда міндетті түрде бірнеше минуттық видео және аудио жазба, көрсетілімдерді пайдалануды әдетке айналдырдым десем де болады. Оқушылар әр сабақ барысында өзара терминдерді бір-біріне айтып үйренумен қатар оған қысқа сөйлемдер мен сұрақтар құрастырып, өзара осылайша тілін жаттықтыра отырып үйренуі жақсы нәтиже берді. Оқушылар суреттер бойынша қысқа мәтіндер құрастырып үйренді. Тірек сөздер бойынша постерлер жазып сол бойынша термин сөздерді пайдаланып тілі жеткенше айтып үйренді. Осылайша оқытудың нәтижесінде әр сабақта бес он термин сөздерді ағылшыншы катесіз жазып оқып, оған берілген тапсырмаларды орындай отырып нәтижесінде шағын тақырып мәтіндерін дұрыс оқып, түсіне алатын және түсінігін сұрақ-жауап түрінде жеткізе алатындай дәрежеде оқып үйренді.

Ахас Елубай